

ӘЛ – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

**БЕКІТІЛДІ**  
Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісі  
Философия және саясаттану факультетінің  
деканы филос.ғ.к., Б.Б. Мейірбаев

№ 1 хаттама 28.08.25ж.

**«Орта білім беру сапасын арттырудағы зерттеу қызметі»**

ПӘНІ БОЙЫНША

**«7M01105 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент» мамандығының**

Қорытынды емтихан бағдарламасы

1 курс, қазақ бөлімі

5 кредит

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, п.ғ.к., доцент Молдасан ҚШ

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«02 » 09 2025 ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Н.С. Әлқожаева

## Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтихан барысында магистрант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

### Емтиханды өткізі формасы

#### СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыруқажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Білім алушылардың эссе жазу қабілеттері бағаланады.

**Тапсыру күні мен уақыты:** *емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады*

**Емтихан уақыты:** *2 сағат*

### Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

1. Орта білім білім беру сапасының мақсаты мен міндеттері.
2. Білім берудегі заңнамалық құжаттар.
3. Қазіргі әлемдегі жоғары білімнің даму тенденциясы және негізгі бағыттары.
4. ҚР білім берудегі өзгерістер
5. Басқарудың теориялық негіздері.
6. Қазақстандағы орта білім беру жүйесі.
7. Сапаны басқару тетігі
8. Сапалы басқарудағы менеджменттің рөлі
9. Көшбасшының кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі.
10. Басқарудағы сапаның теориялық негіздері.
11. Қазіргі орта білім берудің проблемалары
12. Басқару теориясының негіздері.
13. Заманауи басқару технологиясы.
14. Білім беру саласындағы көшбасшының кәсіби шеберлігі .
15. Орта білім беру сапасын арттырудағы ғылыми зерттеулер.

### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. А. Қ. Құсайынов Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы: монография/ А. К. Кусаинов Качество образования в мире и в Казахстане: монография. - Алматы : Rond&A, 2014. - 93, [1] б.
2. TQM в управлении организацией образования: учеб. пособие / А. А. Жайтапова, З. М. Садвакасова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2019. - 283 с.
3. Системы менеджмента качества: учеб. пособие / Г. К. Молдашев. - Алматы : ТехноЭрудит, 2019. - 269, [1] с
4. Интегрированные системы менеджмента качества : учеб. пособие / А. К. Тулекбаева. - Алматы : ТехноЭрудит, 2019. - 91, [1] с.
5. Садвакасова З.М., Булатбаева А.А. С 14 Педагогический менеджмент: уроки лидерства: учебное пособие / З.М. Садвакасова, А.А. Булатбаева. – Алматы, 2014. – 156

		ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
Балл	Критерий	1- сұрақ – 30 балл				
		25-30 балл	21-26 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
Курс теориясын меңгеру және түсіну	Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді.	Сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы.	Емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы.	
		2 -сұрақ – 35 балл				
Балл	Критерий	27- 35 балл	21-26 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
Пәннен сызбалар,	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап	Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практика-	Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге	Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және	

кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу.	беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы.	лық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру;	жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі.	жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы.	нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
---	---	---	--	---	---

**3-сұрақ – 35 балл**

<b>Балл</b>	27- 35 балл	21-26 балл	15-20 балл	8-14 балл	0-7 балл
<b>Критерий</b>					
Пән бойынша алған теориялық білімді практикалық тұрғыда талдай алу.	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылаумен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді.